

«Бекітемін»
«№15 «Әлия» бөбекжайы» МҚКЖ
директоры: Садуба Зерхан 

**2024 -2025 оқу жылына арналған консультациялық пункт жұмысының
жоспары**

Консультация тақырыбы	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Мамандар
Заттық ойындар Монтессори әдісі	Ойын сабақ	Қыркүйек	Әдіскер, педагог-психолог
«Достар әлемі»	Балабақшаға саяхат	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Кішкентай көмекшілер» ерте жастағы балаларды ұсақ моторикаға дамыту	Ойын сабақ	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
«Бала кітапшасы»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Көңілді пирамидалар» Ермексазбен жұмыс	Ойын сабақ	Қантар	Әдіскер, тәрбиешілер
«Біз қалай балалар мен сөйлесеміз?»	Консультация	Ақпан	Әдіскер, педагог-психолог
«Менің көңілді добым» доппен ойындар	Ойын сабақ	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
«Сүйкімді балапан» саусақпен бояу	Ойын сабақ	Сәуір	Әдіскер, педагог-психолог
«Денсаулық, күн тәртібі».	Медбике	Мамыр	Әдіскер, медбике

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№15 «Әлия» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы
МКҚК 2024-2025 оқу жылына арналған консультациялық
пунктке келген балаларды тіркеу журналы.

№15 «Әлия» бөбекжайы

Тексерілді:

Бөбекжай әдіскері:

У.Г.Нурмухамметова

05.09. 2024ж

Консультациялық пункт
«Заттық ойындар. Монтессори әдістері»

Өткізген: Г.А.Ногаева

Педагог-психолог

Заттық ойындар «Монтессори әдісі»

Жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы. Өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің Әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы – заңдылық. М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топтада, жеке де жұмыс істей алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады. Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.

Мақсаты: Балалардың есте сақтауын, заттарды орналастыра отырып, қол мен көз үйлесімділігін дамыту. Түсті таба білуге жаттықтыру. Заттарды орналастыра отырып, қол қимылдарын дамыту.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, қайталатамын, ой-қозғау

Қажетті құралдар: Түрлі-түсті қағаздан жасалған шарлар.

Жүру барысы: Балалар шардың түсін ажыратады. Арнайы жабыстырғышы бар шарларды түстеріне сәйкестендіріп, жіптің бойына жабыстыру.

Тақырыбы: «Қысқыштар» ойыны

Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті қысытырғыштардың түстерін ажыратуға үйрету.

Дамытушылығы: Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, көрсету, топтастыру.

Қажетті құралдар: Ағаш қысқыштар, шеткі жиегі қалың емес ағаш себеттер немесе қатты қағаздан жасалған бейнелер.

Әдіс- тәсілі: Көрсету, қайталату. Өз бетінше әрекет ету.

Жүру барысы: Себеттің жақтауларына киім қысуға арналған қысқыштар қыстырылады. Бұдан кейін балаға оларды үш саусақпен (қалам ұстайтын саусақтарымен) қайтадан шешіп алып, себетке салу ұсынылады. Бар жаттығу осы. Бұл өте қарапайым болып көрінуі мүмкін, алайда кішкене балаға затты сезіну және онымен механикалық іс-әрекет істеуі маңызды. Аталған саусақтарды дамыту баланың тез жазып үйренуіне түрткі болады.

Егер тапсырманы қиындату керек болса, жылдам орындау нұсқауын беруге болады. Балаларды екіден жұптастырып қысқыштарды алдымен қыстырып соңынан шешкізіп ойнатуға болады.

Тақырыбы: «Үйлерге орналастыр»

Мақсаты: Балаларда түстер туралы түсінік қалыптастыру. Оларды салыстырып, сәйкестендіруге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілі: Түстерді көрсету.

Қажетті құралдар: Қатты қағаздан жасалған түрлі-түсті үйлер, мысықтар.


Жүру барысы: Балалардың назарына 6-8 түсті үйлерді ұсыну. Олардың түстерін таныстырып, қайталап сұрау. Содан кейін сол үйлердің түсіне сәйкес мысықтарды көрсетіп, таныстыру. Мысықтардың түстеріне сәйкес үйлерге орналастырып көрсету. Балалардан көргендерін өздеріне қайталап, жасату. Білмеген балаларға көмектесу.

Мен жүйелі жүргізілген жұмысының нәтижесінде:

- қолдың уақ моторикасын дамиды,
- қол мен көз үйлесімділігін жетілдірдім,
- балалардың есте сақтау, есту қабілеттерін дамиды.
- түстерді ажыратып оларды салыстыра, топтастыра білді.

Алға қарайда жұмысымның нәтижесін көп мәрте жандандырғым келеді.





«Тексерілді»
№15 «Әлия» бөбекжайы
МКҚК әдісмері:
У.Г.Нурмухамметова 
«09»  2024 ж

Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер»

Ерте жастағы балалардың ұсақ моторикасын дамыту

**№2 «Алақай» ортаңғы тобының
тәрбиешісі: Өтебай.В**

2024 жыл

Тақырыбы: Кішкентай көмекшілер

Мақсат: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту, заттарды дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру, шеберлік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құралдар: түрлі-түсті макарондар, жіп, қыстырғыштар, пластилин, ұсақ ойыншықтар.

Іс-әрекет жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі :

- Балалармен амандасу, көңіл-күйлерін сұрау.
- Іс-әрекетке қызығушылық ояту үшін әңгіме айту:
"Біз бүгін кішкентай көмекшілер боламыз. Әрбір көмекшінің шебер қолдары бар. Ал біз сендердің қолдарыңның шеберлігін тексереміз."

2. Негізгі бөлім:

1-тапсырма: "Макарондардан алқа жасау"

- Макарондарды жіпке тізу. Балалардың жіптен өткізуі үшін макарондарды ірі және ұсақ етіп таңдау.
- Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. Балалардың саусақ бұлшық еттерін жетілдіру арқылы қолдың қимыл үйлесімділігін арттыру.

2-тапсырма: "Магнитті моншақтар"

- Магнитті моншақтарды арнайы қаламымен түсіне қарай орналастыру
- Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту арқылы балалардың ойлау қабілеттерін арттылу

3-тапсырма: "Пішіндер құрастыр"

- Берілген конструктордың көмегімен геометриялық пішіндер құрастыру.
- Мақсаты: Баланы пішіндерді рет-ретімен орналастыруға үйрету арқылы зейінін шоғырландыру. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.

3. Қорытынды :

- Балалардың жасаған жұмыстарын талқылау, мақтау.
- Сабақтың соңында шағын ойын:
"Кімнің қолдары ең тапқыр?" — көзді жұмып, сезу арқылы бір затты тану ойыны.
- Балаларға рахмет айту, жұмысқа белсенді қатысқаны үшін марапаттау .

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың ұсақ моторикасы дамиды.
- Жұмыс барысында зейін мен ұқыптылық танытады.
- Еңбек етуге және өз қолдарымен жаңа нәрсе жасауға қызығушылығы оянады.





**№15 Әлия бөбекжайының консультациялық пункт жұмыс жоспары
кестесі.**

1	№15 Әлия бөбекжайының консультациялық пункт жұмыс жоспары	https://www.instagram.com/reel/DEj6G-lsnPE/?igsh=YWU4ZXc5MjE5Njdr
2	Қыркүйек айында өткізілген шара.	https://www.instagram.com/p/DAFol1Hsfl7/?igsh=MWpmMGFzYnVidnplcA==
3	Қазан айында өткізілген шара.	https://www.instagram.com/p/DBrNtHwMblr/?igsh=MXVtOWR0NGd2MG9pZg==
4	Қараша айында өткізілген шара.	https://www.instagram.com/reel/DC91GXoMIrf/?igsh=MTFlejZ6MXJzNjF4MQ==